

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «LauRus2019» «LauRus» балабақша
гимназиясында өткізілген №1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Күні: «30» тамыз 2024ж

Өтілген орны: «LauRus» балабақша гимназия

Төрайым: Бижанова Г.Н.

Хатшы: Айшуакова Р.А.

Қатысушылар: «LauRus» балабақша гимназия педагогтары, медбике.

Тақырыбы: " Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы"

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы іс шараларды талдау нәтижелері.
2. Балабақша ұжымын 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған іс әрекеттер жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, бекіту.
3. Оқыту тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
5. Әртүрлі мәселелер.

Педагогикалық кеңесте "Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы" кеңінен талқыланды. Кеңесте 2023-2024 оқу жылындағы іс-шаралардың анализі жүргізіліп, жіберілген кемшіліктер мен сәтті шыққан шаралар атап өтілді. Сондай-ақ алдағы оқу жылына әдістемелік нұсқау хатқа сүйене отырып шаралар тізімі бекітілді.

Балабақша ұжымына 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүктемесі, перспективалық жоспарлар және балалардың күн тәртібі таныстырылды. Балалардың дамуына арналған арнайы бағдарламалар: Балабақшада әр жастағы балалар үшін жеке даму жоспарларын әзірлеу маңызды. Тәрбиешілер балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып, дифференциалды білім беру әдістерін қолдануға міндетті. Жаңа оқу жылындағы жаңалықтар мен ерекшеліктерге аса назар аударылды және барлығы бір ауыздан талданып, қолдау білдіріп, бекітілді.

Ерекше назарды оқыту мен тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарламалар мен педагогикалық технологияларға аудардық. Қазіргі уақытта оқыту мен дамыту бағдарламалары жаңартылып отыратыны және заман ағымынан қалыс қалуға болмайтынын тілге тиек етті. Техникалық құралдарды пайдалану: Заманауи технологияларды білім беру процесіне енгізу арқылы балалардың оқу мен ойын әрекетін қызықты және тиімді етеді. Бұл үшін компьютерлер және білім беру қосымшаларын жиі қолданған жөн.

Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітіліп, болашақта кездесетін әртүрлі мәселелер талқыланды. Педагогикалық командада ынтымақтастықты нығайту мақсатында тренинг ұйымдастырылды. Ұжым ішінде тәжірибе алмасу, әдістемелік көмек көрсету және бірлескен жобаларды жүзеге асыру жүйелі кездесулер өткізу жоспарланды. . Кәсіби біліктілікті

арттыру: Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін үнемі арттыру, семинарлар мен курстарға қатысуы, кәсіби қауымдастықтармен байланыс орнату арқылы білімдерін жаңарту.

Кеңестің қорытындысы бойынша, барлық тәрбиешілер мен қызметкерлер жыл бойы атқарылатын жұмыстардың сапасын арттыруға белсенді қатысуға шақырылды.

Кеңес нәтижесінде оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыруға арналған ұсыныстар мен шаралар белгіленді.

Шешімдер мен ұсыныстар:

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, оқу жоспары, перспективтік жоспар, балалардың күн тәртібі бекітілсін.
2. Тәрбиешілер жаңа білім беру стандарттарына сәйкес бағдарламаларды жетілдіріп, өз жұмыстарында заманауи технологияларды үнемі қолдансын.
3. Оқыту тәрбиелеу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қолға алынсын.
4. Еркемай тобында: 1.Айшуакова Райса Адиловна, 2.Баянасова Алмагуль Ансаровна; Айналайын тобында :1.Кенжегалиева Жадыра Мұрадымқызы, 2.Сағынғали Әсел Ермекқызы; Балдырған тобында: 1.Шабдиева Жазира Мұрадымқызы, 2.Зимуханова Гулмейрам Ниязбековна жауапты тәрбиешілер болып бекітілсін.

Төрайым:  Бижанова Г.Н.

Хатшы:  Айшуакова Р.А.